



Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 16 наурызда № 13487 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 48) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және халықаралық ынтымақтастық департаменті (С.М. Өмірбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуді, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшыларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, кәсіптік-техникалық және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының назарына жеткізілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

А. Сәрінжіпов

Білім және ғылым министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

_____ А. Мамытбеков

15 ақпан 2016 ж.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және әлеуметтік

даму министрлігі

_____ Т. Дүйсенова

17 ақпан 2016 ж.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрлігі

_____ А. Мұхамедиұлы

19 ақпан 2016 ж.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрінің
2016 жылғы 22 қаңтардағы
№ 66 бұйрығымен бекітілді

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 48) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ТКОБКБ ұйымдары) меншік құқығына тиесілі немесе өзге заңдық негізде ұйымдардың иелігінде тұрған жатақханалардағы орындарды бөлу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. ТКОБКБ ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беруді ТКОБКБ ұйымдары конкурстық негізде орындарды бөлу қорытындылары бойынша арнайы құрылған комиссия жүзеге асырады.

Жатақханаларда бос орындардың болуы туралы мәліметтер ТКОБКБ ұйымдарының ресми сайттарында орналастырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-1. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтініш негізінде тегін көрсетіледі.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) ТКОБКБ ұйымдары;

2) www.egov.kz "электронды үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады;

3) "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету әдістерін, мерзімін, нысанын және оны көрсету нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру"

мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы бұйрыққа 2-қосымшада жазылған.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.10.2024 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-2. Алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.02.2023 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-2. Мемлекеттік қызметті проактивті тәсілмен көрсету "электрондық үкімет" веб-порталында көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін тіркеу және дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік сервисі арқылы алынған дербес деректерді жинауға және өңдеуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі болған кезде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

1) көрсетілетін қызметті алушыға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраным жасалған автоматты хабарлама жіберу;

2) проактивті қызметті көрсетуге көрсетілетін қызметті алушының келісімін алу, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан өзге де қажетті, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының көмегімен шектеулі қолжетімді мәліметтерді алу енеді.

Көрсетілетін қызметті алушыдан жауапты күту мерзімі сұрау салуды алған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағатты құрайды. Күту мерзімі өткеннен кейін сұрау салу жойылады және көрсетілетін қызметті алушыға қысқа мәтіндік хабарлама арқылы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіге сәйкес хабарлама жіберіледі.

Ескерту. Қағидалар 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.10.2024 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-3. Қажет болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы "бір өтініш қағидаты бойынша" "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру

ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға құжаттарды беру кезінде өтініш бере алады, ол Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау қорытындысы бойынша көрсетілетін болады.

Ескерту. Қағидалар 2-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.10.2024 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Комиссияны қалыптастыру тәртібі

3. Жатақханалардағы орындарды конкурстық негізде, арнайы құрылған комиссия бөледі.

4. Жатақханалардағы орындарды бөлу жөніндегі конкурстық комиссияның (бұдан әрі – конкурстық комиссия) сандық және жеке құрамын, сондай-ақ оның өкілеттік мерзімдерін ұйымның бірінші басшысы айқындайды.

5. Конкурстық комиссия мынадай құрамда құрылады:

1) ұйымның басшылық құрамының өкілі – білім алушылардың жатақханаларда тұру мәселесіне жетекшілік ететін ТКОБКБ ұйымы басшысының орынбасары;

2) қоғамдық ұйымдардың өкілдері - ерікті негізде құрылған кәсіподақтар және басқа да бірлестіктердің өкілдері;

3) студенттік өзін-өзі басқару органдарының өкілдері;

4) күндізгі бөлімше меңгерушілері;

5) жастар саясатының мәселелеріне жетекшілік ететін ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.02.2023 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Ұйым басшысының білім алушылардың жатақханаларда тұру мәселесіне жетекшілік ететін орынбасары конкурстық комиссияның төрағасы болып тағайындалады.

7. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

1) конкурстық комиссия отырысының кестесін анықтау;

2) өтініштерді жан-жақты және жария түрде қарау, сондай-ақ олардың қорытындылары бойынша білім алушылардың құқықтары мен мүдделеріне қысым жасамайтын шешімдер қабылдау;

3) конкурстық комиссия отырысының қорытындылары бойынша шешімдер шығару болып табылады.

3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Конкурстық комиссия ТКОБКБ ұйымдары жатақханаларынан орын бөлуді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтініш негізінде немесе порталға электрондық түрде берілген өтініш негізінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көрсетілген қызметті алушының мәртебесін растайтын құжаттарды қоса бере отырып жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

ТКОБКБ ұйымдары осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құжаттар топтамасын қабылдау күнін көрсете отырып, құжаттарды алғаны туралы қолхаты қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" құжаттар топтамасын қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда ТКОБКБ ұйымдары өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

ТКОБКБ ұйымдары кеңсесі өтініш берген күні құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінішті комиссияның қарауына береді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.02.2023 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, ата-анасының (ата-аналарының) қайтыс болуы туралы куәлікті (жетім балалар үшін), жылжымайтын мүлкінің бар (жоқ) екендігі туралы ақпаратты, жасына байланысты зейнетақы/жәрдемақы алушының куәлігі (көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін), "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Премьер-

Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32885 болып тіркелген) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларына сәйкес өтініш берушінің (отбасының) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.10.2024 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9. Жатақханалардағы орындар Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 131 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7586 болып тіркелген) Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес жылжымайтын мүлкінің бар (жоқ) екендігі туралы (ұйым орналасқан қалада (елді мекенде) жеке меншігінде тұрғын үй бірлігі (пәтер, үй) жоқ) ақпарат ұсынған жағдайда тұрғын жайға мұқтаж білім алушылар арасында бөлінеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.10.2024 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Конкурстық комиссия жатақханалардағы орындарды бөлуді негіздемелер мен кезектілікті ескере отырып, мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;

2) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, біреу немесе екі ата-анасының мүгедектігі бар адамдар, көп балалы отбасылардың балалары, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын адамдар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары

бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан адамдар, сондай-ақ қандастар;

3) "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін – 2050") жобасы шеңберіндегі білім алушылар;

4) бірінші курсқа қабылданған білім алушылар, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпазының немесе жүлдегерінің сертификатын иеленген білім алушылар, сондай-ақ оқу орнын үздік бітірген, білім туралы растайтын құжаты бар (куәліктер, аттестат) талапкерлер;

5) білім беру ұйымы өткізген конкурстың немесе әңгімелесудің қорытындысы бойынша жоғары балл алған бірінші курсқа оқуға қабылданған білім алушылар.

Білім беру ұйымы өткізген қабылдау қорытындылары бойынша тең балл жинаған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу қағидаларын бекіту туралы қағидаларына сәйкес өтініш иесінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілілігін растайтын анықтама ұсынған жағдайда, білім алушының материалдық жағдайы ескеріледі.

6) оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыста жоғары нәтижелері бар жоғарғы курс студенттері қатарындағы білім алушылар;

7) ұйымның өзге де білім алушылары.

Мемлекет осы Қағидалардың 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтарға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу кезеңінде жатақханаларда тұрғаны үшін жылына 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша белгіленген жиырма тоғыз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын шығыстарын "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес өтейді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.10.2024 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Білім алушылар қатарындағы шетелдік азаматтар халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етіледі.

12. Конкурстық комиссия өтініштерді қарау қорытындылары бойынша 2 (екі) жұмыс күні ішінде жатақханадан орын беру туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Конкурстық комиссия білім алушының күтпеген отбасылық, материалдық және басқа жағдаяттар себептерінен тұрғын жайға мұқтаждығы туындағанда жатақханадан орын беру туралы, сондай-ақ жатақханада тұру ережелерін немесе ұйымның жарғысын сақтамағаны үшін негізделген ұсыныс бойынша жатақханадан шығару туралы шешім қабылдайды.

14. Конкурстық комиссия жатақханаларда орын бөлуді кезең-кезеңмен:

1) бірінші курстан басқа, барлық курстарда келесі оқу жылында білім алушыларға оқу жылының соңында (шілде);

2) бірінші курсқа оқуға қабылданған немесе басқа оқу орындарынан ауысып келген білім алушыларға оқу жылының басында (тамыз);

3) жатақханаларда тұратын білім алушылар контингентінің өзгеруіне сәйкес, сондай-ақ ауысып келген немесе қайта қабылданған білім алушыларды негізді орналастыру үшін оқу жылының ішінде, қажеттілігіне қарай жүргізеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 13.10.2021 № 515 бұйрығымен.

15. Жатақханада тұру үшін қалыптастырылған тізім негізінде білім алушыға Комиссия төрағасының қолы қойылған ТКОБКБ ұйымдары жатақханаларынан орын беру туралы жолдама не дәлелді бас тарту беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі ТКОБКБ ұйымдарының уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.02.2023 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Заңның 10-бабының 5-тармағына, 14-бабының 3-тармағына, 23-бабына сәйкес орталық мемлекеттік орган осы Қағидаларға өзгерістер енгізілген және (немесе) толықтырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды жаңартып және көрсетілетін қызметті берушілерге, Бірыңғай байланыс-орталығына.

Ескерту. 16-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.02.2023 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа шағым жасауға жол беріледі.

Ескерту. 17-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.02.2023 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Білім беру ұйымдарының
жатақханаларындағы орындарды
бөлу қағидаларына 1-қосымша

Ескерту. Қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

білім беру ұйымының атауы,
оның басшысының тегі, аты,
әкесінің аты
(болған кезде)

білім алушының тегі, аты,
әкесінің аты
(болған кезде) толығымен

білім алушының курсы, тобы,
мамандығы, факультеті

Өтініш

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.10.2018 № 581 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сізден

білім беру ұйымының атауы
жатақханасынан бір орын бөлуіңізді сұраймын.
Келген

жерім

Қоса берілетін құжаттар тізбесі

20__ ж. " __ " _____
білім алушының қолы

Білім беру ұйымдарының
жатақханаларындағы
орындарды бөлу қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.10.2024 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру" мемлекеттік қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Техникалық және кәсіптік, орта білім беру ұйымдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті беру тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсету нәтижесін беру: 1) Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының сайты; 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" порталы (бұдан әрі – портал) асырылады; 3) "электрондық үкімет" порталы

		тіркелген ұялы байланыс құрылғысы арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері	Қызмет көрсету мерзімі – 3 жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінара автотандырылған)/қағаз түрінде/проактивті/"бірізді" бойынша көрсетілетін.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Осы Қағидаларға 6-қосымшаның 1-бөлімі бойынша техникалық және білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына алушыларға жатақхана беру нәтижесінде дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электронды (ішінара автотандырылған)/қағаз/проактивті нысанда көрсетілетін. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыларға жатақхана беру нәтижесінде көрсетілетін қызметті алушыларға жатақхана беру себептерін көрсете отырып жатақхана беру нәтижесінде көрсетілетін қызметті алушыларға жатақхана беру мерзімде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне жүгінбеген қызметті беруші оларды көрсету алушы алғанға дейін қабылдау сақтауды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметті көрсету проактивті нысанда көрсету алушының мобильді азаматтық тіркелген мобильді нөмірі арқылы жіберіледі.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс істеу кестесі	1) Техникалық және кәсіптік білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына Республикасының Еңбек кодексі (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі) сәйкес демалыс және мерекелік қоспағанда, белгіленген жұмыс уақыты дүйсенбі-жұма аралығында 14.00-ға дейінгі түскі үзіліс 18.00-ға дейін. 2) порталда – жөндеу жұмыстарына байланысты техникалық үзіліс тәулік бойы (көрсетілетін жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін) сәйкес демалыс және мерекелік кезде өтініштерді қабылдау қызмет көрсету нәтижелерін күні жүзеге асырылады).

		Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің ресурсында; 2) www.egov.kz порталында
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Көрсетілетін қызметті беруші: 1) Техникалық және кәсіптік білім беру ұйым басшысының Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес бойынша жатақханадан орын алуға өтініш; 2) қандас мәртебесі туралы құжат; 3) жеке басын куәландыратын цифрлық құжаттар сервисі арқылы құжат (жеке басын сәйкестендіретін) Порталда: 1) көрсетілетін қызметті алушының куәландырылған электрондық қолының нысанындағы жатақханадан орын алуға өтініш; 2) қандас мәртебесі туралы электрондық көшірмесі; 3) жеке басын куәландыратын құжаттар, алушының анасының) қайтыс болуы туралы мүлкінің бар (жоқ) екендігі туралы (жетім балалар үшін), жатақханадан зейнетақы/жәрдемақы алушының балалы отбасылардан шыққан "Медициналық-әлеуметтік қолдау" қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халық қорғау министрінің 2023 жылғы 15 мамырдағы № 260 бұйрығымен бекітілген мүгедектік туралы анықтамалар, құқықтық актілерді меңгеру тізілімінде № 32922 бекітілген "Мемлекеттік атаулы әлсіздіктің тағайындау және төлеу қағидалары" туралы" Қазақстан Республикасының Министрінің орынбасары - Еңбек және халық қорғау министрінің 2023 жылғы 15 мамырдағы № 227 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді меңгеру тіркеу тізілімінде № 32885 бекітілген) өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушының растайтын ақпарат көрсетілетін мемлекеттік ақпараттық жүйедегі "электрондық үкімет" шлюзі
9	Қазақстан Республикасының Заңымен	1) мемлекеттік көрсетілетін

	белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	көрсетілетін қызметті құжаттардың және (немесе) деректердің (мәліметтердің) анықталған; 2) көрсетілетін қызметті алушы қызметті көрсету үшін құжаттарының қағидалары талаптарға сәйкес келмеуі. 3) көрсетілетін қызметті мемлекеттік қызмет көрсетілетін, "Дербес деректер жинақтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілетін деректердің шектеулі дербес деректер болмауы бойынша қызметтерді көрсетуден бас тарту.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық түрде және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Құжаттар топтамасын тапсыруға рұқсат етілген ең ұзақ уақытша мерзім. Көрсетілетін қызметті көрсетудің рұқсат етілген ең аз мерзімі - 15 минут. Көрсетілетін қызметті алушы жағдайда Мемлекеттік қызмет көрсету портал арқылы электрондық түрде мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушы қызметті көрсету тәртібі мен ережелеріне қатысты ақпаратты қашықтықтан қол жеткізілетін порталдағы "жеке кабинет" арқылы қызметті берушінің анықталған телефон нөмірімен сондай-ақ "1414", 8-800-000-1414 байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Үшінші тұлғалардың қызметін алуға қатысты Порталдағы "жеке кабинет" арқылы "электрондық үкімет" веб-порталымен байланыстың абоненттік қызметі арқылы проактивті нысандағы мәліметтер сұратылып, оған қатысты келісімі болған жағдайда үкіметтің электрондық сұрау салуы. Қызметті проактивті форматта көрсетілетін қызметті алушының нөмірін мобильді азаматтарға хабарлау қажет.

Білім беру ұйымдарында
жатақханаларында
орындарды бөлу қағидалары
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның күші жойылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2022 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.02.2023 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Білім беру ұйымдарының
Жатақханаларындағы
орындарды бөлу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат № _____

Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.02.2023 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы

_____ мынадай құжаттар
алынды:

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

1.

Өтініш _____

2.

Басқа

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білім беру ұйымы

Т.А.Ә.

(бар

болған

жағдайда)

(қолы)

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының (қолы)

_____ 20 ____ ж. " ____ " _____

Білім беру ұйымдарының
Жатақханаларындағы
орындарды бөлу қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 5-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.10.2024 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабын басшылыққа ала отырып (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің негізгі талаптарының тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету), Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет Негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарға байланысты, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____
- 2) _____
- 3)

Осы қолхат әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

Орындаушының Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____ Қолы _____

Телефон _____

Қабылдады: _____ " ____ " _____ 20 ____ жыл

(Көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)

Білім беру ұйымдарының
Жатақханаларындағы
орындарды бөлу қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларына жатақханалар беру туралы жолдама

Ескерту. 6-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.02.2023 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

(білім беру ұйымының мекенжайы және атауы) азамат (-ша)

/тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

№ ____ жатақханаға орналасуға жолдама беріледі.

Жатақхананың мекенжайы

20 ____ жылғы " ____ " _____ сағат ____ келуді ұсынамын.

Білім беру ұйымының басшысы _____

(қолы)

20 ____ ж. " ____ " _____

М.О.